

ISSN 2616-7263



Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университетінің  
**ХАБАРШЫСЫ**

**BULLETIN**

of L.N.Gumilyov Eurasian  
National University

№3 (124)/2018

**ВЕСТНИК**

Евразийского национального  
университета имени Л.Н.Гумилева

**ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**  
сериясы

**TECHNICAL SCIENCE AND TECHNOLOGY**  
Series

Серия  
**ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ И ТЕХНОЛОГИИ**

ISSN 2616-7263

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

## ХАБАРШЫСЫ

---

### BULLETIN

of the L.N. Gumilyov Eurasian  
National University

### ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР сериясы

TECHNICAL SCIENCE AND TECHNOLOGY Series

Серия ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ И ТЕХНОЛОГИИ

№3(124)/2018

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Астана, 2018

Astana, 2018


Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ. ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР сериясы

№3(124)/2018

МАЗМҰНЫ

<i>Абылгазинова А.Т., Абсеитов Е.Т., Кенжесғұл Б.С.</i> Логистика саласында сақтау қоймаларының нормативтік-құқықтық құжаттамаларын жетілдіру негіздері	8
<i>Абсеитов Е.Т., Джумадилова Н.М.</i> Қоршаған орта қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі стандарттаудың рөлі	15
<i>Аруова Л.Б., Патешева Н.А., Уткельбаева А.О.</i> Климаттық факторлар ескерілген темірбетон конструкцияларын өндіру технологиясы	20
<i>Ахметов Н.С., Нургожина М.Е.</i> Құрылыс өңдірісін ұйымдастырудағы технологиялық-ұйымдық моделдерді дамыту	27
<i>Арпабеков М.И., Баубек А.А., Сүлейменов Т.Б., Қуанышбаев Ж.М.</i> Іштен жану қозғалтқышының қоректендіру жүйесі үшін крекинг-газ пайдалануды жетілдіру	31
<i>Арпабеков М.И., Баубек А.А., Сүлейменов Т.Б., Қуанышбаев Ж.М.</i> Іштен жану қозғалтқышының крекинг-газда жұмыс істеу кезіндегі тәжірибелік зерттеулері	39
<i>Баубек А.А., Жумагулов М.Г., Қартджанов Н.Р., Алин С.Б.</i> Дәнді кептірудің конвективті және кондуктивті әдістерінің салыстыру апализі. Отын шығыны	46
<i>Бейсенби М.А., Ускенбаева Г.А., Ермекбаева Ж.Ж., Кишубаева А.Т.</i> Бір параметрлі құрылымды-орнықты бейнелер класында құрылған ұшақты қондыру тәсілімен жоғары потенциалды робастылық орнықтылық басқару жүйесін зерттеу	52
<i>Ермагамбет Б.Т., Нурғалиев Н.У., Абылгазина Л.Д., Маслов Н.А.</i> Жанған көмірден қалған күлшпакты қалдықтарды өңдеу әдістері	60
<i>Еділ Б.К., Скулжин М.А., Касимова Б.Р.</i> Жылыту жүйесінің сорғы станцияларында оқшау қорек көзі ретінде жаңғырмалы энергия көздерін пайдаланатын гибриді энергиямен қамтамасыз ету жүйесінің жабдықтарын анықтау үшін эксперт жүйесінің жұмыс алгоритмін жасау	68
<i>Оразбаев Б.Б., Ураков А.М., Оразбаева К.Н., Курмангазиева Л.Т.</i> Мұнай мен газ әртекес коллекторларын зерттеу және математикалық модельдерін құру	73
<i>Тютөбаева Г.М., Матанова М.А., Шағбан Е.Т.</i> Жылу электр станцияларында қосымша суды дайындаудың заманауи әдістері және арзан тұздалған су өндірісі	81
<i>Чекаева Р.У., Аввад Т., Чекаев М.Г.</i> Сәулет ғимараттар Солтүстік Қазақстанның начало XIX - XX ғ. (Петропавл қаласы)	86
<i>Шағмов Ж.А., Тлеуленова Г.Т., Иканова И.С.</i> Суық айлардың климаттық мәліметтері және тоңдану-жібуге байланысты қауіптер	95
<i>Шадьярова Ж.К., Курманғалиева Д.Б., Юсупова Г.Т.</i> Отандық өнімдерге стандарт жасақтаудың өзектілігі	99





МРНТИ 65.01.37

<sup>1</sup> А.Т. Абылгазинова, <sup>2</sup> Е.Т. Абсеитов, <sup>3</sup> Б.С. Кенжегүл

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*  
(E-mail: <sup>1</sup> oiga80@mail.ru, <sup>2</sup> erbolat\_1962@mail.ru, <sup>3</sup> balzhan2504@mail.ru)

## **Логистика саласында сақтау қоймаларының нормативтік-құқықтық құжаттамаларын жетілдіру негіздері**

**Аннотация:** Қазіргі уақытта еліміздің өңірлерінде табиғи және климаттық жағдайларды ескере отырып, заманауи талаптарға сәйкес келетін тез бұзылатын тауарлардың сақталуын жақсартудың нормативтік және әдістемелік тәсілдері жетілмеген. Осыған байланысты тасымалдау, сақтау және қосымша қызметтерді ұсыну процестерінің экономикалық тиімділігін анықтауды қамтитын тез бұзылатын жүктерді жеткізу және сақтау тиімділігінің бүкіл тізбегін кешенді түрде бағалау үшін нормативтік талаптарды әзірлеу қажеттілігі туындады. Бұл мақалада қойма жұмыстарын ұйымдастырудың заманауи тәсілдері қарастырылып отыр. Сонымен қатар қойма логистикасының әлемдегі және Қазақстан Республикасы деңгейіндегі даму жолдары, Қазақстан Республикасының логистика саласындағы нормативтік-техникалық базасы мен елімізде тарату орталықтарының даму тенденциялары және проблемалары қарастырылған. Зерттеудің мақсаты-өнімдерді сақтауды рационализациялау бойынша нормативтік құжаттарды жетілдіру негіздері.

**Түйін сөздер:** қойма, нормативтік-құқықтық құжаттама, қойма класстары, логистика, логистикалық тізбек, тасымалдау, жүк өңдеу.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7263-2018-124-3-8-14>

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасында көлік және қойма логистика нарығының дамуына оның Қытай мен Еуропаның арасында орналасуы тиімді әсер етеді. Қазіргі экономика жағдайында тауарлық құндылықтар бір жерде сақталмай, қозғалыс үстінде болуы керек. Қоймада өте көп функциялар іске асады, мысалы, сақтау, қойма көлігі, тиеу, түсіру, сұрыптау, іріктеу және қайта жүктеу операциялары. Сондықтан қойма жүйелерін сақтау құрылғылары ретінде ғана пайдалануға болмайды, сонымен қатар жүк қозғалысы шаралары маңызды рөл атқаратын көлік және қойма кешендері де қарастырылып жатыр.


Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен мемлекетаралық және халықаралық көліктік-экономикалық қатынастарын, халықаралық интеграция саясатын іске асыру негізінде Қазақстанның әлемдік көлік жүйесіне кіруіне көп көңіл бөлінеді.

Қазақстандағы кәсіпорындардың басым көпшілігі шағын кәсіпорындар болып табылады, бұл логистикалық қызметтер нарығы әлі де дамып келе жатқанын көрсетеді. Қоймалық саладағы кәсіпорындардың ең көп саны еліміздің ең ірі қалаларына жатады, онда негізгі қаржы ағындары - Алматы және Астана қалаларында шоғырланған, ал қалған өңірлері мен қалалары логистикалық саладағы компаниялардың күрт тапшылығымен ерекшеленеді.

**Жұмыстың мақсаты:** Қазақстан Республикасының өңірлерінің табиғи-климаттық жағдайларын ескере отырып, тез бұзылатын өнімдерді сақтау үрдістерін ұтымды ету үшін нормативтік құжаттарды әзірлеу. Қазақстанға жеткізудің тиімділігі тұрғысынан ұтымды ету үшін нормативтік құжаттарды әзірлеу болып табылады.

Логистикалық жүйенің тиімділігі өндірістік және көліктік өндірістің жетілдірілуі мен қарқындылығына ғана байланысты емес, қоймаларға тікелей байланысты. Логистикада қойма мағынасы зор, қоймада тауарларды тиімді өңдеуге арналған орын, яғни қойма инфрақұрылым объектісі ретінде қарастырады, материалдық ресурстарды жылдам және тиімді түрде жылжытуды қамтамасыз етеді. Логистикалық жүйенің негізі қойма жүйелерінің қызметі өте көп. Жүйені бірыңғай, тұрақты ұстау үшін өнімнің, шикізаттың сапасын сақтау керек, жеткізу шараларын тиімді ұйымдастыру, яғни көлік шығындарын қысқарту, сақтау орындарын жоғары деңгейде жетілдіру керек [1]. Кәсіпорындағы логистикалық инфрақұрылымды дамытудың негізгі жолдарына мыналар жатады: біріншіден, қойма және буып-түюге арналған жабдықтарды, тасымалдау құралдарын басқару; екіншіден, қорларды басқару және оңтайландыру үшін материалдық және қаржылық ағынды басқаруға арналған ақпараттық жүйелерді дамыту. [2].

Қазақстандағы логистиканың негізгі бағыттарын дамыту үшін логистикалық процесстің әрбір әдісін оңтайландыру қажет. Келесі суретте көрсетілгендей, қойма логистикасын оңтайландыру-27%, көлік қозғалысын оңтайландыру-13%, логистикалық және логистикалық бизнес процестерін оңтайландыру, жеткізу тізбектері және оларды тиімді басқару-13%, логистикалық персоналды басқаруды жақсарту-8% болады.



Сурет 1 - Логистикалық дамудың негізгі бағыттары

Диаграмма бойынша Қазақстан Республикасында логистика саласын дамыту үшін қойма логистикасын оңтайландырудың жоғары көрсеткіші болып тұрғаны 2- суретте көрсетілген. Бүкіләлемдік банктің логистикалық тиімділік индексі Logistics Performance Index бойынша 2012 жылы Қазақстан Республикасы 86-шы орынды иеленген. Елімізде жоғарғы қарқын негізіндегі болжам бойынша 2020 жылы 40 орынды иеленеді. Бұл елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға үлкен үлес қосады. Ұлттық және халықаралық нарықта сауда логистикасының жағдайы жыл сайын артуда.

Көліктік-логистикалық кластер міндеттері келесідей:


1. кластерлерді дамыту тұжырымдамасын ескере отырып, нормативтік-құқықтық базаны оңтайландыру, мемлекеттік қолдау түрлері және қатысушылар арасындағы өзара әрекеттесу жолдары;

2. өнеркәсіптік көлік және логистикалық жүйені оңтайландыру (жүк тасымалдау жүйесі мен терминал қоймалық орталықтар);

3. жолаушылар тасымалы жүйесін жетілдіру.

Сақтау қоймаларының нормативтік-құқықтық базасын оңтайландыру логистика саласының дамуының басты бөлігі деуге болады.





Сурет 2 - Ұлттық және халықаралық нарықта сауда логистикасының жағдайы

Логистикалық жүйенің тиімділігі көлік инфрақұрылымын дамытуға және жеткізу маршруттарын оңтайландыруға ғана емес, сондай-ақ заманауи және жоғары сапалы қойма ғимараттарының болуына байланысты. «А» классты қоймаға деген сұраныс айтарлықтай жоғары деңгейде өсіп келеді. Бұл жағдай тұтастай Қазақстан экономикасының қарқынды дамуы, сауда және жаңа форматты компаниялардың пайда болуына байланысты, бұл компаниялардың жоғары сапалы логистикалық кешендерге деген қажеттілігін арттырады. Қажеттілігі жоғары «А» классты қойманың тапшылығы біздің елде білінеді, ең маңызды параметрлерінің бірі- қойманың орналасу орны: ыңғайлы кіре беріс, кешеннің орналасқан жері көлік құралдарының қозғалысына кедергі келтірмеуі, теміржол филиалының болуы. Жүк тасымалдауды азайтуға мүмкіндік беретін тиімді қойма жүйесі Қазақстанда әлі де сұранысқа ие және инвестиция үшін тартымды [6].

Логистика саласындағы қойма нарығының дамуына кедергі келтіретін негізгі қиыншылықтар қатарына қоймалар классификациясының бұзылуы, жалпы қабылданған сапа стандарттарының, өркениетті жер нарығының болмауы және тиісті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген учаскелердің жетіспеушілігі.

Тасымалдау кезінде бүлінетін жүктер үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ететін көліктік және жылжымалы құрамның ұтымды режимін таңдап алу, табысты кедендік рәсімдер, өнімді сақтаудың ең жақсы жағдайларын сақтау бір басты тізбектегі байланыстар ретінде қарастырылуы керек, бұл жағдайлар тауарлардың жоғары сапалы жеткізілуін және тұтынушыларды қанағаттандыру болып табылады. Ең алдымен, стандарттау логистикасында қалыпты жұмыс жасау үшін нақты схеманың болмауы және тұтынушыларға жететін тауардың қымбатқа түсуі кері әсерін тигізеді. Бұл елдің аумағында қойма қуатының дұрыс дамымауы - Қазақстанның ең маңызды мәселесі.

А, -А, В және т.б. классты класстардың бірыңғай мінездемесінің жоқтығы белгілі бір жіктеудің қолданыстағы және салынған объектілерінің санын нақты анықтауға мүмкіндік бермейді. Жалға берілетін сапалы қоймалардың тек жалпы параметрлері мен сипаттамалары анықталған.

Өнеркәсіптік және қоймалық үй-жайларға арналған барлық заманауи құрылыс жобалары «А» және «В +» класстары болып табылады және жалпы қоймаларда жіктеу жоқ, бұл маркетингтік қозғалыстың көптігі және іс жүзінде әрқашан қолданылмайды. Әрбір қойма белгілі бір көрсеткіштерге тән ажыратылады, мысалы, құрылыс алаңы, орналасу орны, қазіргі заманғы материалдары мен технологиялары, қабаттар саны, биіктігі және т.б.

Нарық қатысушылары пайдаланатын ең соңғы классификацияны төрт жыл бұрын халықаралық консультациялық Knight Frank компаниясының мамандары әзірледі. Содан бері жағдай күрт өзгерді, ал жіктеуді бірнеше рет өзгертуге тура келді. Нақты заңнамалық

негіздердің болмауы себептерінен әрбір логистикалық компания жіктеуді өзіне лайықты жасап алған. Сол компаниялардың қатарына Swiss Realty Group компаниясының қоймалар классификациясы жатады [3].

Америкалық GS1 Standart негізінде қоймаларды жіктеу талаптары 1-кестеде көрсетілген. Сонымен қатар шетел мемлекеттері қоймаларды жіктеу кезінде Knight Frank компаниясының қоймалар классификациясын пайдаланады.

Қойма қызметі өте күрделі, бірнеше процесстерден тұрады, яғни тауарларды сақтауды, ордерлерді жинауды, жинақтауды және сұрыптауды, сонымен қатар жөнелтуді жүзеге асыратын материалдарды өңдеу жөніндегі қызметпен байланысты. Қазақстан Республикасының сақтау қоймаларының жіктелуін шет мемлекеттермен салыстырмалы талдау жасалды (1-кесте). [4].

Кесте 1 - Салыстырмалы талдау бойынша сақтау қоймаларының жіктелуі

Нормативтік құжаттамалар негізінде сақтау қоймаларының жіктелуі				
Мемлекеттер	Шет мемлекеттер	Ресей Федерациясы		Қазақстан
Нормативтік құжаттар	Knight Frank компаниясының негізінде, сонымен қатар басқа да талаптар бойынша жіктеледі	Knight Frank компаниясының негізінде,	Swiss Realty Group компаниясының негізінде	Нақты нормативтік құжаттаманың жоқтығы
Қойма класстары	A A+ B B+ C D	A A+ B B+ C D	A A- B B+ C- D	A A+ B B- C D

*Ескерту.*

*A* классты ғимараттың биіктігі 10 метрден кем емес, сақтау деңгейі 5-6 сөре, ірі автотөлік жолдарында орналасу, жалпы A+ класына ұқсас;

*A+* классты жеңіл металл конструкциялардан жасалған бір қабатты ғимарат, биіктігі 13 метрден кем емес, сақтау деңгейі 6-7 сөре, электр және жылумен қамтамасыз ету, қауіпсіздік және бейнебақылау жүйелері, қосымша үй-жайлар, телекоммуникациялық жабдықтау, негізгі магистральдардың жақындығы, темір жол тармағы.

*B* классты сұранысқа ие, әр қабаттағы төбелердің биіктігі 4-тен 8 метрге дейін, қабаттар бетоннан немесе асфальттан, жерден 1 метр деңгейінде, лифтілердің барлығында жүк көтергіштігі кем дегенде 3 тоннаны құрайды, жақын теміржол жүк вокзалы мен ірі магистральдың болуы;

*B+* классты төбенің биіктігі - кемінде 8 метр, сақтау деңгейі 4-5 сөре, қауіпсіздік және бейнебақылау жүйелері,

*C* классты әрбір қабатта бір төбе биіктігі кем дегенде 4 метр, қапталмаған едендер, бетон немесе асфальт материалы, желдету жүйесі орнатылған.

*D* классты ең арзан, бірақ уақытша сақтау үшін жиі пайдаланылатын ең аз жабдықталған және қызбаған қоймалар, ангарлар, жертөлелер, техникалық, өндірістік нысандар және басқа да тұрғын емес аудандар.

Кесте-2 бойынша Қазақстандағы кәсіпорындардың даму стратегиясы сақтау қоймаларының жіктелуі бойынша әзірленген. Ең ірі және кіші логистикалық орталықтар анықталды. Әрине ең ірі логистикалық орталықтар ірі қалаларда орналасқан, мысалы, Алматы, Хоргос,



Шымкент, Қызылорда. Алдыңғы кестелер бойынша «А» классты қоймалар жоғары сапалы, нормативтік талаптарға сай әзірленгені белгілі. Сондықтан «А» классты орталықтарды көбейту арқасында логистика саласында сақтау қоймаларын жетілдіру болады.

Кесте 2 - Қазақстандағы кәсіпорындардың даму стратегиясы

А класс-ең ірі логистикалық орталықтар	В класс-ірі логистикалық орталықтар	С класс-ірі логистикалық орталықтар	В класс-ірі логистикалық орталықтар
Хоргос, Алматы, Тараз, Шымкент, Ақтөбе, Ақтау, Қызылорда	Алматы, Тараз, Шымкент, Ақтөбе, Ақтау, Қызылорда, Уральск	Тараз, Шымкент, Ақтөбе, Қызылорда, Уральск, Бахты, Достық	Алматы, Тараз, Шымкент, Ақтөбе, Қызылорда, Манкентте
"Астана Моторс Казахстан", SUBARU Моторс Казахстан, ТОО "Алем мотто Казахстан"- "УАМАНА" корпо рациясының дистрибуторы	"Балтика", "Коко-кола Алматы ботлерс", ТОО "Авто-продукт"	"Шымкент- Моторс", "Шымкент автокомплект", "Шымкент- пиво", "Стандарт цемент"	"Food Master", "Веселый молочник", "Домик в деревне"

Осыған қоса айта кететін жайт ол- біз батыс стандарттарына толығымен сене алмаймыз. Батыстың жобаларындағы талаптар Қазақстанға сәйкес келмейді. Қазақстанда конструктивті шешімдерді келісу мүмкін емес. Батыс жобалары біздің климаттық жағдайларымызға сай келмейді. Жыл сайын бәсекелестіктің қарқыны өсуде, өйткені жыл сайын жаңа өзгерістер болады, тіпті жоғары сапалы материалдардың пайда болуы ғана емес, сондай-ақ басқару жүйесінің жұмысы арта түсуі мүмкін.

Қазақстан экономикасының өсуіне байланысты логистика саласы даму үстінде. Елде тауарларды сапалы және тез жеткізуді, тез бұзылатын тауарларды сақтау орталықтарын және нормативтік-әдістемелік тәсілдерді жетілдіру үшін арнайы шаралар жүргізілуде. Шетелде тауарларды сақтауға және сұрыптауға арналған автоматтандырылған арнайы тарату орталықтарының құрылысында тәжірибе жинақталған және оларды сату пунктеріне бағыттайды [5].

Бүгінгі күнге дейін заманауи талаптарға сәйкес келетін тез бұзылатын тауарлардың сақталуын жақсарту және ел өңірлерінің табиғи климаттық жағдайларын ескере отырып, толық нормативтік-әдістемелік тәсілдер жетілдірілмеген. Осыған байланысты, тасымалдау, сақтау және қосымша қызметтер ұсыну процестерінің экономикалық тиімділігін анықтауды қамтитын тез бұзылатын жүктерді жеткізу және сақтаудың бүкіл тізбегінің тиімділігін жан-жақты бағалау үшін нормативтік талаптарды әзірлеу және жетілдіру қажетті.

Қазақстанның батыс аймақтарына сақтау қоймаларының аздығы көзге түседі. «KTZ Express» АҚ – мультимодальдық көлік-логистикалық компаниясы болып табылады, «ҚТЖ» ҰК»



АҚ - компанияның 100% акционері. «KTZ Express» АҚ климаттық режим сақтайтын арнайы контейнерлер паркіне ие және айрықша температура режимін талап ететін жүктерді әлемнің кез-келген жеріне төрт маусымда жеткізу қызметін ұсынады. Шымкент, Ақтау, Павлодар, Қостанай, Семей, Ақтөбе, Атырау, Орал қалаларында көлік-логистика орталықтарының өңірлік желісін кеңейту қолға алынып отыр. Әр көлік-логистикалық орталықта А және Б санатты қоймалар, оның ішінде тоңазытқыш қоймалары және құрғақ сақтау режимді қоймалар, көкөніс қоймасы, ашық сақтау және уақытша сақтау қоймалары бар.

Компания Ақтөбе қаласында көлік-логистика орталығын ашу жұмыстарын жүргізуде. Ол жоба 2017-2019жж. аралығынанегізделген, жалпы алаңы 40 гектарды құрайды, оның ішінде, құрғақ сақтау қоймасы - 19000 м<sup>2</sup>, климаттық қойма -100000 м<sup>2</sup>, контейнер алаңы - 26500 м<sup>2</sup>. Бұл жоба еліміздің батыс өңірлеріндегі тапшылықтың орнын басады. Түрлі сараптамалық бағалаулар бойынша қалада және алыс өңірлерде, 700 мыңнан 1 млн кв.м. дейін қоймалар бар. Алайда, олардың көпшілігі-бұрынғы өндірістік үй-жайлар немесе база болып табылады. Мұндай нысандар халықаралық стандарттарға сай келмейтін және заманауи логистикалық қызметтер кешенін мүмкіндігі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ете алмайды.

**Қорытынды.**Қазақстан Республикасында жоғары логистикалық технологиялармен қамтылған орталықтарды талап ететін шетелдік сауда желілері көбейген. Белсенді кеңейту халықаралық және ұлттық бөлшек сауда желілерімен байланысты аймақта логистикалық қызмет көрсету нарығын кеңейту сипатталады. Сақтау қоймаларын жетілдіру, өнімдерді сақтауды рационализациялау бойынша нормативтік құжаттарды әзірлеу еліміздің климаттық жағдайларына да сәйкес келуі керек.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы логистикалық қызметтер нарығы жас. Логистика саласындағы кәсіптік стандарттарды енгізу компаниялар үшін көптеген кадрлық мәселелерді шешеді. Стандартталған өндіріс логистикалық қызметтерді тұтынушыларға сапалы қызмет көрсету сапасын, қызметкерлердің құзыреттіліктерін, бизнес үдерістерді оңтайландыруды және адал емес, сепіміз провайдерлердің жоғалуына көмектеседі.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Алесинская Т.В. Логистика негіздері. Логистикалық менеджменттің функционалдық бағыттары // Ростов мемлекеттік экономикалық университетінің хабаршысы. - 2009. –Т. 44. № 4. –Б. 79-85.
- 2 Щербаков В.В. Логистика қағидаттары мен ережелері. Логистика және жеткізу тізбегін басқару. [электронды ресурсы] - 2017. - URL: <http://urss.ru/PDF/add-ru/188522-1.pdf> (дата обращения: 10.05.2018)
- 3 Құрылыс базасы. Құрылыстағы мақалалар, Knight Frank және Swiss Realty Group компанияларының қоймаларын жіктеу. [электронды ресурсы] -2015. - URL: <https://www.stroi-baza.ru/articles/one.php?id=667> (дата обращения: 15.02.2017)
- 4 Волгин В.В. Қойма: логистика, менеджмент, талдау / В.В. Волгин. - М.: Данков және К, 2009. -501 б.
- 5 Гаджинский А.М. Қойма логистикалық жүйенің элементі ретінде. Логистика / А.М. Гаджинский. - М.: Данков және К, 2012. - 293-421 б.

А. Т. Абылгазинова, Е.Т. Абсеитов, Б.С. Кенжегүл

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

#### Основы совершенствования нормативно-правовой документации в области логистики

**Аннотация:** В настоящее время нормативные и методологические подходы к повышению безопасности скоропортящихся товаров, отвечающие современным требованиям, с учетом природных и климатических условий в регионах страны несовершенны. В этой связи возникла необходимость в разработке нормативных требований для комплексной оценки всей цепочки эффективности доставки и хранения скоропортящихся товаров, что предполагает определение экономического эффекта от процессов транспортировки, хранения и предоставления дополнительных услуг.

В настоящем документе рассматриваются современные подходы к организации складских операций. В то же время рассматриваются пути развития складской логистики на уровне мира и Республики Казахстан, нормативно-техническая база логистики в Республике Казахстан, тенденции и проблемы распределительных центров в стране. Целью исследования является совершенствование нормативных документов по рационализации хранения продуктов.

**Ключевые слова:** склад, нормативно-правовая документация, складские классы, логистика, логистическая цепь, транспортировка, грузопереработка.



A.T. Abylgazinova, E.T. Abseitov, B.S. Kenzhegul

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

### Basics of improving regulatory and legal documentation in the field of logistics

**Abstract:** Currently, there have been no complete regulatory and methodological approaches to improving the storage process of perishable goods that meet modern requirements and take into account the natural and climatic conditions of the country's regions. In this regard, there was a need to develop regulatory requirements for a comprehensive assessment of the entire chain effectiveness of perishable goods delivery and storage, which involves determining the economic effect of the processes of transportation, storage and provision of additional services.

This paper considers modern approaches to the organization and warehouse operations. At the same time, the development of warehouse logistics at the level of the world and the Republic of Kazakhstan, the regulatory and technical base of logistics in the Republic of Kazakhstan, and the trends and problems of distribution centers in the country are being considered. The purpose of the study is to improve regulatory documents on the rationalization of storage of products.

**Keywords:** warehouse, regulatory documentation, warehouse classes, logistic, logistics chain, transportation, cargo handling.

### References

- 1 Alesinskaya, T. V. Logistika negizderi. Logistikalыk menedjmentin funkSIONALDI bagyttary [Fundamentals of Logistics. Functional Areas of Logistics Management], Rostov memleketтик ekonomikalыk universiteta habarshysy [Vestnik of Rostov State Economic University], 44 (4), 79-85 (2009).
- 2 Shcherbakov V.V. Logistika kagidattary men erejeleri. Logistika men jetkizu kizbegin baskaru [Principles and rules of logistics. Logistics and supply chain management]. Available at: <http://urss.ru/PDF/add-ru/188522-1.pdf> (accessed 10.05.2018)
- 3 Kurylys bazasy. Kurylystagy makalalar. Knight Frank I Swiss Realty Group kompanialarynyn koimalaryn jikteu [Building base. Articles on construction Classification warehouses of Knight Frank and Swiss Realty Group]. Available at: <https://www.stroi-baza.ru/articles/one.phpid=667> (accessed 15.02.2017)
- 4 Volgin V.V., Koima: logistika, menegjment, taldaу [Warehouse: logistics, management, analysis] (Moscow, Dashkov and K, 2009).
- 5 Volgin V.V., Koima: logistika, menegjment, taldaу [Warehouse: logistics, management, analysis] (Moscow, Dashkov and K, 2009).

#### Сведения об авторах:

*Абылгазимова А.Т.* - Ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасы, Қажымұқан көш., 13, Астана, Қазақстан.

*Абseitov E.T.* - техника ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасы, Қажымұқан көш., 13, Астана, Қазақстан.

*Кенжегүл Б.С.* - «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасы 6M073200- Стандарттау және сертификаттау мамандығының 2 курс магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

*Abylgazinova A.T.* - Candidate of Agricultural Sciences, Associate Professor, Department of "Standardization and Certification" L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

*Abseitov E.T.* - Candidate of Technical Sciences, Associate Professor. Department of "Standardization and Certification" L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

*Kenzhegul B.S.* - Standardization and Certification 6M073200 - Master student of speciality Standardization and Certification, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Поступила в редакцию 13.04.2018